



Статистика, учет и аудит, 2(93)2024. стр. 89-103
DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-2.07>

Экономика және менеджмент
МРҒТА 06.61.53 0
ӘОЖ 332.1

ҚР МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ: ЖАҢАТАС ЖӘНЕ ҚАРАТАУ МОНОҚАЛАЛАРЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА

А.А. Сатыбалдин¹, А.Ш. Балықбаева^{2}, А.С. Өмір¹*

¹ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан

²әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*Corresponding author email: ardaqa.ospan@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты – ҚР моноқалаларының дамуын әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін Қаратау және Жаңатас моноқалаларының призмасында бағалау болып табылады. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеу соңғы жылдардағы әлемдік экономикадағы мен әлеуметтік саладағы қарқынды өзгерістер аясында өте өзекті. Елімізде статистикалық мәліметтер бойынша 27 моноқала болғанымен, олардың аумағы, мемлекеттік қолдау деңгейі мен өңірлердегі экономикалық рөлдері әртүрлі. Соның ішінде Қаратау мен Жаңатас қалалары соңғы он жылда мемлекеттік қолдауға ие боп келе жатқан моноқалалар қатарына енеді. Жалпы тәжірибе бойынша қала құрастырушы өндіріс орындарына негізделген Қаратау және Жаңатас моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық деңгейін бағалау жергілікті халықтың өмір сүру сапасы мен тұрақтылығын арттыруға ықпал ететін шешімдерді әзірлеу үшін маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, мақала Жамбыл облысында орналасқан моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық динамикасына қатысты деректерді талдауға және жүйелеуге бағытталған. Зерттеудің әдіснамалық негізін салыстырмалы талдау әдісі, статистикалық деректерді талдау және әлеуметтік-экономикалық дамуының біріккен деңгейін анықтау әдісі құрайды. Авторлар моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының дифференциациялану деңгейін есептеу арқылы еліміздің бір салалы өндіріске негізделген елдің моносалаға бағытталған өңірлерінің даму рейтингтерін жасауда моноқалалардың рөлін анықтайды. Сонымен бірге, зерттеу нәтижесінде Қаратау және Жаңатас қалаларының әлеуметтік-экономикалық салада даму дифференциациясының деңгейі анықталып, өңірлік экономикада рөлі көрсетілді. Зерттеу нәтижесі бойынша жасалған қорытындыларды Жаңатас және Қаратау қалаларын және басқа да моноқалаларды дамытудың тұжырымдамаларында қолдануға болады.

Түйін сөздер: моноқала, бірсалалы қала, әлеуметтік-экономикалық даму, дифференциация, Қаратау, Жаңатас

Cite this article as: Satybaldin A.A., Balykbayeva A.Sh., Omir A.S. Assessment of socio-economic development of monotowns of Kazakhstan: Zhanatas and Karatau. *Statistics, accounting and audit*. 2024, 2(93), 89-103. (In Kaz.). DOI: <https://www.doi.org/10.51579/1563-2415.2024.-2.07>



Кіріспе. Заманауи қоғамда кез келген ел дамуы барысында өңірлердің теңсіздігі мәселесі жиі көтеріліп жүр. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық біркелкі әрі тұрақты дамуы оның барлық салаларын ғана емес өңірлерін де қамтуы тиіс және бұл үрдіс әрқашан сөзсіз өзгерістерге ұшырап отырады. Өңірлердің біркелкі дамуы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайын бірқалыптылығын қамтамасыз етеді.

Қазіргі өтпелі кезеңде өңірлердің экономикалық тиімділігін арттыру кезінде елімізде белгілі бір өнеркәсіптік нысандардың немесе экономикалық орталықтардың айналасында пайда болған моноқалалар мен шағын қалалардың да жағдайын ұмыт қалдыруға болмайды. «Моноқала» – экономикасы мен әлеуметтік өмірі бір салаға немесе қала құраушы кәсіпорынға негізделген қалалық елді мекен. Қазақстанның моноқалалары - еңбекке қабілетті тұрғындарының негізгі бөлігі қала құраушы кәсіпорында қызмет ететін қалалардан тұрады. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму динамикасын өлшеу әртүрлі аспектілер мен факторларды кешенді талдауды қажет ететін күрделі міндет болып табылады.

Осы тұрғыда мақала Жамбыл облысында орналасқан моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық динамикасына қатысты деректерді талдауға және жүйелеуге бағытталған.

Зерттеу мақсаты - өлшеу мен бағалаудың заманауи әдістерін қолдану арқылы Жамбыл облысында орналасқан Қаратау және Жаңатас моноқалаларының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін бағалау.

Статистика агенттігінің мәліметі бойынша Жамбыл облысының ҚР ЖІӨ-не 2022 жылы қосқан үлес салмағы 2,6%-ды құраған [1]. Облыс әкімшілік-территориалық бөлініс бойынша 10 аудан, облыстық маңызы бар 1 қала және аудандық маңызы бар 3 қаладан тұрады. Облыстың экономикалық дамуында басты бөлікті өнеркәсіптік өндірістің өңдеу, тау-кен өндірісі және карьерлар өңдеу секілді қызметтері құрайды. 2023 жылғы қаңтар-қазанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 694492,9 млн. теңгені құраған, оның ішінде тау-кен өндірісі 87945,9 млн. теңге, ал өңдеу өнеркәсібі 493927,3 млн. теңге көлемін қамтыған [2].

Зерттеу объектісі болып қарастырылған Жамбыл облысының солтүстігінде орналасқан Қаратау және Жаңатас қалалары еліміздің 27 өндірістік моноқалаларының құрамына енеді. Қаратау тауларындағы фосфориттік бассейнде фосфориттік шикізатты өндіруге және өңдеуге мамандандырылған экономикалық маңызы жоғары қалалардың жағдайы ХХ ғасырдың соңында үлкен өзгерістерге душар болды. КСРО кезінде заманалы экономикалық шешімдердің бірі болып қалыптасқан өндірістік моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық мәселелері Қазақстан Республикасы тоқсаныншы жылдардың ортасында нарықтық экономикаға ауысқаннан пайда бола бастады. 2000 жылдардың алғашқы он жылдығында мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық бағдарламалар жасауда «ұмыт» бола бастаған моноқалаларды жаңғырту мақсатында алғаш 2012-2020 жылдары «Моноқалаларды дамыту бағдарламасы» қабылданды. Бұл бағдарламаға барлығы 27 моноқала, оның ішінде Қаратау және Жаңатас қалалары да кірді. 2023 жылдың екінші жартысында Қаратау және Жаңатас қалаларын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамыту мақсатында «Жамбыл облысының Жаңатас қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» және «Жамбыл облысының Қаратау қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023 – 2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» жекелеген кешенді жоспарлары қабылданып, бұл кешенді жоспарлар бойынша Жаңатас қаласына 5 бағыттан тұратын 75 іс-шара жоспарланса, ал Қаратау қаласы 44 пункттен тұратын жұмыстар атқарылатын болады. Бұл жоспарлардың күтілетін нәтижелері өнеркәсіптік өндіріс көлемін ұлғайту, негізгі капиталға инвестицияны көбейту, жаңа жұмыс



орындарын ашу мен кәсіпкерлікті дамыту және әлеуметтік инфрақұрылымдық объектілерді жақсарту секілді іс-шараларға негізделген.

Негізгі ережелер. Осы мақаладағы зерттеудің негізгі объектісі Жамбыл облысында орналасқан тау-кен өндірісімен айналысатын моноқалалар болып табылады. Моноқалалардың даму деңгейін зерттеу және бағалау ҚР Үкіметінің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан даму бағдарламаларының нәтижесін ғылыми талдауға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Жаңатас және Қаратау қалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын және оның динамикасын зерттеуде статистикалық мәліметтерге сүйене жазылған ғылыми жұмыстар өте аз. Моноқалалардың даму тұрақтылығын сақтауда үкіметтік бағдарламалар экономиканың әртүрлілігін қамтамасыз етуді жоспарлағанымен, бұл қалалардың өмір сүру циклі өндірістік экономикаға негізделген. Сол себепті, мақалада Қаратау және Жаңатас қалаларының қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайын өңірлік экономикадағы деңгейін факторларды талдау негізінде қарастырылады. Келтірілген эмпирикалық мәліметтер моноқалалардың даму дифференциациялық деңгейі өңірдің даму жоспарын дайындауда нақты механизмдерді ұстану қажеттігін көрсетеді.

Әдеби шолу. Өңірлердің, оның ішінде моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын талдау саласындағы ғылыми әдебиеттерге шолу шет елдік зерттеушілер мен отандық ғалымдардың еңбектеріне шолу жасауды қамтиды.

XX ғасырдың екінші жартысында шетелдік ғалымдар тек өндірістік немесе аграрлық қалыпта өмір сүретін аймақтардың әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге ұшырау деңгейін сипаттау жұмыстарымен айналыса бастайды. Оның ішінде оңтүстік, батыс, солтүстік және шығыс Еуропа аймақтарында орналасқан өндірістік қалалар мен елді мекендердің құрылымдық өзгерістер кезінде бәсекелестікті жоғалтпау сипаты ұлттық, географиялық және әр аймақтың құрылымдық типіне байланысты екенін анықтаған [3]. 1980 жылдардың аяғында экономикасында өндірістік орындардың рөлі басым социалистік жүйенің ыдырауы бұрынғы социалистік елдердің экономикасына үлкен өзгерістер алып әкелді. Бұл өзгерістер әсіресе моноөнеркәсіптік қалаларға қатты әсер еткенін айта кеткен жөн. Қайта құрылымдық өзгерістердің болмауы, қала басшылығының қала құраушы кәсіпорындарды жекешелендіру үрдісі секілді құбылыстар тек КСРО аумағындағы мемлекеттерге ғана емес, Шығыс Еуропаның басқа елдеріне тән болғанын атап өткен жөн. Бұл жерде Jigoria-Orrea және Pora Румыния мен Сербияда орналасқан екі моноөндірістік қалалардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму жоспарларын дайындауда қолданылған қайта құру шешімдерін талқылауында байқай аламыз [4].

Аймақтардың тең дамуынан моноқалалардың жаңа өндірістерге дайын болуына дейін тақырыптарды қамтитын зерттеулер посткеңестік кеңістіктеде өте көп. О. Козырёва және т.б. Украина аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің таралу шеңберін анықтайты аналітикалық сызба ұсынады. Бұл сызба бірсалалы өндіріске негізделген аймақтардағы экономикалық теңсіздіктерді анықтауға мүмкіндік береді [5]. Посткеңестік басқа мемлекеттер секілді шикізатын Мәскеуге немесе басқа аймақтарда тасымалдауға мәжбүр болған Қырғызстан моноқалалары да қазіргі кезде тұрақты даму тұрғысынан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге душар болғаны және моноқалалардағы жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік капиталы мен тұрақты даму деңгейін концепциясын бағалауда Chiara Pierobon мен Zarina Adambussinova далалық эмпирикалық зерттеу нәтижелерін зерттеу жұмыстарына қолданбалы негіз ретінде қарастыруға болады [6].



Посткеңестік зерттеулер ішінде Ресей ғалымдарының еңбектері көп кездеседі, солардың ішінде бастапқы ғылыми әдебиет ретінде алуға болатын «Ресей моноқалаларының дамуы» монографиясында моноқалалардың дамуы барысында туындайтын әлеуметтік-экономикалық мәселелер мен шетелдік моноқалалар мен посткеңестік кеңістікте орналасқан моноқалалардың өмір сүру жағдайындағы ұқсастық пен ерекшеліктер талқыланған. Ғалымның пікірінше, батыста орналасқан моноқалалардың басты мәселесі технология дамыған кезеңде деиндустриализация үрдісінен сәтті өту болса, ал посткеңестік елдердегі шағын қалалардың мәселелері экономикалық, территориялық-кеңістіктік, инвестиция тарту, тұрғындардың шешім қабылдау үрдісіне қатысу пассивтілігі секілді сұрақтардан туындайды [7].

Айта кетерлік жәйт, жапон ғалымдары 2007-2019 жылдар аралығында ресейлік эмпирикалық мәліметтер базасын талдау барысында, осы кезеңде болған экономикалық дағдарыстар кезінде бір өндіріске негізделген қала-компаниялар дағдарыстан басқа кәсіпорындардан сәтті шыға алғанын анықтаған [8].

Соңғы жылдардағы өзгерістерге қарамастан көптеген монопрофильді шағын қалалар өнеркәсіптік тұрғыдан бастапқы күйінде қалған. Сол себепті, мемлекет әлеуметтік тұрақтылыққа деген ұмтылыспен, халықты жұмыспен қамтуды қолдауға және әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуға бағытталған, бірақ тиімсіз өнеркәсіптік географиясын сақтауға мүмкіндік беретін айқын және жасырын субсидиялауды жалғастырады деп күтуге болады [9]. Өз кезегінде Е. Крюкова және т.б. ғалымдар моноқалалардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму проблемасы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтеді [10]. Сондай-ақ, моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму үрдісін статистикалық дифференциациялауда В.В. Глинский бастаған ғалымдар математикалық формула қолдану арқылы РФ мен Еуропалық Одақтың өндірістік өңірлеріне салыстырмалы талдау жасайды [11].

Қазақстандық моноқалалар тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстары негізінен экономикалық және урбанистік зерттеулер бағытында басым болып келеді. Олардың ішінде Н. К. Нұрланова, А. Киреева секілді ғалымдардың еңбектерін атап өтуге болады [12, 13].

Қазіргі таңда еліміздегі моноқалалар мен шағын қалалардың халқының өмір сүру сапасын арттырудың индикаторы ғылыми және инновациялық қызметті кадрлармен қамтамасыз ету болғандықтан, нәтижесінде халықтың өмір сүру сапасын арттырудың жалпы контекстінде ғылыми қызметтің кадрлық қамтамасыз етілуінің жалпы деңгейін және оның өсу жағдайларын өлшеу қажеттігі зерттеумен А. Abdimomunova, А. Zhaishulyuk, А. Temirova және т.б. ғалымдар айналысқан [14].

Осы мәселе бойынша өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму барысын анықтауда қажетті модельдерді анықтауда вариациялық коэффициенттер арқылы қалалық даму ассиметриясының Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму индикаторларына ықпалын анықтаудың рөлін атап өткен дұрыс [15].

Материалдар мен әдістер. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау мақсатында еліміздің және шетелдік зерттеулердің нәтижесінде дайындалған есептер зерттеліп, нәтижесінде Еуропалық Одақтың NUTS 3 аймақтарын талдау формуласы (NUTS Converter: description of the tool and calculation method) мен В.В. Глинскийдің әлеуметтік-экономикалық дамудың жинақталған көрсеткіші формуласы таңдалып алынды [11, 16]. Осы мақсатта моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын зерттеу бойынша бірнеше кезеңдік талдау жұмыстары жүргізілді.

Бірінші кезеңде ақпараттық мәліметтер массиві Ұлттық статистика бюросының базасынан жинақталды. Нәтижесінде Жаңатас және Қаратау қалаларының 2014-2022



жылдары арасында әлеуметтік-экономикалық дамуын сипаттайтын келесі көрсеткіштер іріктеліп алынды:

- жалпы туу көрсеткіші;
- жалпы өлім көрсеткіші;
- жалпы таза көші-қон көрсеткіші;
- еңбекке жарамды тұрғындардың жалпы халыққа қатынасы;
- жұмыспен қамтамасыз етілген тұрғындар саны;
- орта жалақы көлемі.

Деректерді салыстырмалы талдауға мүмкіндік алу үшін максималды мәндер модулі бойынша массивті стандарттау процедурасы жүргізілді.

Келесі кезеңде әр қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының біріккен деңгейін есептеу үшін жоғарыдағы көрсеткіштерге SPSS 25 бағдарламасында факторлық талдау жасалып, барлығы үш тәуелсіз фактор құрастырылды:

- демографиялық фактор;
- еңбек потенциалы факторы;
- экономикалық белсенділік факторы (1 кесте).

1 кесте – Әлеуметтік-экономикалық даму факторлары моделі

Демографиялық фактор	Еңбек потенциалы факторы	Экономикалық белсенділік факторы
- жалпы туу көрсеткіші; - жалпы өлім көрсеткіші.	жалпы таза көші-қон көрсеткіші; еңбекке жарамды тұрғындардың жалпы халыққа қатынасы.	жұмыспен қамтамасыз етілген тұрғындар саны; орта жалақы көлемі.

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының біріккен деңгейі келесі формула бойынша анықталады:

$$SED_i = \frac{d_1}{\Sigma d} \cdot F_{1i} + \frac{d_2}{\Sigma d} \cdot F_{2i} - \frac{d_3}{\Sigma d} \cdot F_{3i} \quad (1),$$

бұл жерде, SED_i – i моноқаланың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, F_{1i}, F_{2i}, F_{3i} – әр қалаға есептелген F_1, F_2, F_3 факторларының мәні, d_1, d_2, d_3 факторлар негізінде есептеліп жыққан жалпы дисперсия үлесі, Σd – жалпы дисперсияның қосынды үлесі.

Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының дифференциацияланған деңгейі Еуропалық Одақтың NUTS 3 аймақтарын талдау формуласы арқылы есептеледі:

$$L_d = \frac{D_9}{D_1} \quad (2),$$

бұл жерде L_d – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының дифференциациялау деңгейі, D_9 өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің тоғызыншы децильдік мәні, D_1 – өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің бірінші децильдік мәні.

Зерттеу нәтижесі және талқылау. Моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының біріккен деңгейін анықтауда қолданылған мәліметтерді қарастыру барысында Қаратау және Жаңатас қалаларының көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасалды. Талдау барысында байқағанымыздай, 2014 жылы Жаңатас қаласының жалпы тұрғындар саны 21 716,5 адамды құраса, ал, 2022 жылы 25 547,5 адамға жеткен. Керісінше, жалпы



туу көрсеткіші 31,59-дан 26,54 көрсеткішке төмендеген. 2014 жылы Қаратау қаласында 27 911 адам тұрақты түрде тіркелсе, ал 2022 жылы халық саны 28 437 адамға жеткен. Туу көрсеткіші бойынша Қаратау қаласы 2014 жылдан бері қатты өзгерістерге ұшырамаған, барлығы +23 көрсеткіш деңгейінде тұрақталған. Көші-қон сальдосы бойынша салыстырып қарайтын болсақ, Қаратау қаласындағы көші-қондағы ең үлкен айырмашылық 2022 жылы (-348) болса, ал Жаңатас қаласында 2016 жылы =-646 айырмашылықты құраған.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, екі қаланың да есептік жылдардағы жұмыспен қамтылған тұрғындарының жалпы халық санына үлесі +/- 96%-ды құрағанымен, 2022 жылы Жаңатас қаласының көрсеткіші 82%-ға төмен түскен. Ал, еңбекке жарамды тұрғындардың жалпы халыққа шаққандағы үлесі бойынша талдауда байқалғанындай, Қаратау қаласының ең жоғары көрсеткіші 2016 жылға тиесілі (52,6%), Жаңатас қаласындағы жоғары үлес көлемі 2015 жылы (49,26%) болған.

Екі қала тұрғындарының орта жалақы көлемі 2014 жылдан бастап тек өсіп отырған, Қаратау қаласында 2022 жылы 199 999 тг, бұл бүкіл ел бойынша орта жалақыдан 109 868 теңгеге аз, ал Жаңатас қаласында 230 277 тг-ге жеткенімен, мемлекеттік орта жалақыдан 79 590 теңгеге төмен. Облыстық орта жалақымен айырмасын салыстырып қарайтын болсақ, Қаратау қаласының тұрғындарының орта еңбекақысы оАхблыстық орта жалақыдан 34 535 теңгеге аз болса, ал Жаңатас қаласының халқы тек 4257 теңгеге аз еңбекақы алады екен (2 кесте).

2 кесте – Қаратау және Жаңатас қалаларының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

	Жалпы халық саны	Жалпы туу көрсеткіші (1000 адамға шаққанда)	Жалпы өлім көрсеткіші (1000 адамға шаққанда)	Көші-қон миграциясы	Жұмыспен қамтылғандардың үлесі	Еңбекке жарамды тұрғындардың үлесі	Орта жалақы
2014							
Қаратау	27 911	23,07	7,52	186	96,3%	43,2%	63318
Жаңатас	21 716,5	31,59	7,23	-190	94,1%	39,82%	74582
2015							
Қаратау	28 517	23,85	7,29	119	95,7%	43,2%	65866
Жаңатас	21 872,0	28,85	7,64	-492	96,1%	49,26%	82670
2016							
Қаратау	29 054	21,06	7,68	94	95,5%	52,6%	76988
Жаңатас	21 770,0	28,39	6,80	-646	95,5%	48,27%	96389
2017							
Қаратау	29 565	19,99	6,87	152	95,8%	44,5%	81230
Жаңатас	21 896,0	27,86	7,35	-21	95,9%	44,85%	102238
2018							
Қаратау	30 020	20,35	6,3	-53	96,1%	44,2%	84648
Жаңатас	22 237,0	28,83	6,75	-237	95,8%	45,10%	106990
2019							
Қаратау	30 304	20,76	7,23	-211	96,5%	40,4%	102390




	Жалпы халық саны	Жалпы туу көрсеткіші (1000 адамға шаққанда)	Жалпы өлім көрсеткіші (1000 адамға шаққанда)	Көші-қон миграциясы	Жұмыспен қамтылғандардың үлесі	Еңбекке жарамды тұрғындардың үлесі	Орта жалақы
Жаңатас	22 532,5	27,25	6,26	-136	95,8%	42,20%	137495
2020							
Қаратау	30 452	22,56	8,77	-322	95,8%	42,9%	134548
Жаңатас	22 882,5	30,5	8,65	-137	95,7%	39,08%	175657
2021							
Қаратау	29 443	23,06	9,49	-284	95,5%	47,9%	160707
Жаңатас	24 288,0	33,37	9,68	-175	95,5%	33,61%	177640
2022							
Қаратау	28 437	23,02	7,11	-348	95,7%	42,6%	199999
Жаңатас	25 547,5	26,54	6,25	-449	82,3%	39,76%	230277
<i>Ескерту – әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған</i>							

Жаңатас және Қаратау моноқалаларындағы 2014-2021 жылдар аралығындағы Жамбыл облысының өндіріс көлеміне қосқан үлесі туралы берілген мәліметтерді талдай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады.

Таңдалған уақыт кезеңінде Жаңатас қаласындағы өнеркәсіп кешенінің көлемі айтарлықтай өскен, яғни, 2014 жылы 1 038,1 млн теңгені құраса, 2022 жылға қарай 76 400,0 млн теңгеге жеткен. Әсіресе, 2015-2016 жылдар арасында айтарлықтай өсім деңгейі байқалады, бұл кезде өндіріс көлемі 4 еседен астам өскен (3 246,5-тен 15 394,9 млн. теңгеге дейін).

Қаратау қаласында өнеркәсіп өндірісінің өсімі Жаңатас қаласындағыдай жылдам болмаса да, дамудың оң динамикасын көрсетіп отырғанын байқаймыз. 2014 жылдан бастап бұл қалада да өнеркәсіптік кешен көлемінің айтарлықтай артқандығы байқалады: бастапқы кезеңде небәрі 879,9 млн теңге болса, 2022 жылдың соңына қарай 19 700,0 млн теңгеге дейін артқан. Ең жоғары өсу қарқыны 2016 жылдан 2018 жылға аралығында байқалады, бұл кезеңде өндірістік көлем 3 есеге жуық өсті (2 045,3-тен 7 529,9 млн. теңгеге дейін).

2014 жылы аталған моноқалалардың Жамбыл облысының жалпы өнеркәсіптік өндірісіне қосқан үлесі облыстың жалпы өнеркәсіптік кешенінің сәйкесінше 0,68% және 0,31% шамасында ғана болса, 2022 жылы Жаңатастың үлесі айтарлықтай өсіп, облыстың жалпы өнеркәсіп кешенінің 9%-ға жуығын құрап отыр, бұл оның өңірдің экономикалық дамуы үшін маңыздылығын дәлелдейді. Қаратау қаласының да аймақтың жалпы өнеркәсіптік кешенінің 2% астамын қамтамасыз ете отырып, тұрақты өсім көрсетіп отырғанын байқаймыз (1 сурет).



1 сурет – Өңірдің облыс өндіріс көлеміндегі үлес салмағы, млн. тт

Ескерту – әдебиет негізінде авторлармен құрастырылған

Зерттеу жұмысының объектісінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін талдау үшін Ұлттық статистика бюросының базасынан 2014-2022 жылғы мәліметтер таңдалып алынды. 3 кестеде Қаратау және Жаңатас қалаларының даму деңгейін анықтауға арналған факторлық көрсеткіштер берілген.

3 кесте – Қаратау және Жаңатас қалаларын талдау барысында алынған факторлық көрсеткіштер

Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері	Фактор көрсеткіштері		
	Демографиялық фактор	Еңбек потенциалы факторы	Экономикалық белсенділік факторы
Қаратау қаласы			
Еңбекке жарамды тұрғындардың жалпы халыққа қатынасы	-0,498	0,837	-0,014
Жалпы туу көрсеткіші	0,717	0,172	-0,611
Жалпы өлім көрсеткіші	0,487	0,752	-0,230
Жалпы таза көші-кон көрсеткіші	0,929	0,199	0,238
Жұмыспен қамтамасыз етілген тұрғындар саны	-0,653	0,738	0,120
Орта жалақы көлемі	0,764	0,294	0,525
Жаңатас қаласы			
Еңбекке жарамды тұрғындардың	0,971	0,192	-0,029



Әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері	Фактор көрсеткіштері		
	Демографиялық фактор	Еңбек потенциалы факторы	Экономикалық белсенділік факторы
жалпы халыққа қатынасы			
Жалпы туу көрсеткіші	-0,713	0,662	0,126
Жалпы өлім көрсеткіші	-0,704	0,573	0,225
Жалпы таза көші-қон көрсеткіші	0,602	0,060	0,768
Жұмыспен қамтамасыз етілген тұрғындар саны	0,880	0,310	0,018
Орта жалақы көлемі	-0,544	-0,698	0,37
<i>Ескерту – авторлармен құрастырылған.</i>			


Қаратау қаласы бойынша факторлар көрсеткіштердің 88% жалпы дисперсия көлемінде анықталса, Жаңатас қаласының факторлары 92%-дық жалпы дисперсиялық өлшемде есептелді. Алынған мәліметтер нәтижесі көрсеткендей, Қаратау қаласы бойынша «Еңбек потенциалы факторы» «Еңбекке жарамды тұрғындардың жалпы қатынасы» факторымен ($P=,837$) жоғары корреляциялық байланыс жасаған. Ал, «Жалпы туу көрсеткіші» айнымалысы «Демографиялық фактормен» $=0,717$ деңгейінде жоғары байланыс орнатқан. «Жалпы өлім көрсеткіші» «Еңбек потенциалы факторының» факторына байланыстық қатынасын көре аламыз. Атап өтерлігі, Қаратау қаласы бойынша «Еңбек потенциалы факторы» барлық айнымалыға орта деңгейден жоғары корреляциялық байланысты анықтағанымен, Жаңатас қаласы бойынша аталған фактор «Орта жалақы» айнымалысына жоғары деңгейдегі теріс байланысты айқындаған (-0,698).

Жаңатас қаласы бойынша факторлық талдауда жоғары байланыстағы жоғары байланыстық корреляциялық көрсеткіштер «Демографиялық факторларға» тиесілі. «Экономикалық белсенділік» факторы «Жалпы таза көші-қон көрсеткіші» Жаңатас қаласы бойынша жоғары корреляция анықталған (0,768).

Зерттеу жұмысының келесі кезеңінде 1 формулаға сәйкес Қаратау және Жаңатас қалаларының 2014-2022 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін талдау жасалды.

2 суретте көрсетілгендей, Қаратау қаласының әлеуметтік-экономикалық даму біріктірілген көрсеткіші Жаңатас қаласына қарағанда орта есеппен 0,153 көрсеткішке жоғары екенін байқалды (0,586). Қаратау қаласының SED деңгейі 2022 жылы ең жоғары көрсеткішке жеткенімен, оған дейінгі есептік аралықта біркелкі емес ($\sigma=0,057$). 2022 жылы дамудың жоғарылану себептеріне «орта жалақының» 2008 жылға қарағанда 32%-ға өсуі себеп болуы мүмкін.

Ал, Жаңатас қаласының SED орта деңгейі $P=,433$ құрғанымен, ең жоғарғы даму көрсеткіші 2019 жылға тиесілі ($P=,551$). 3 суреттегі мәліметтер негізінде талқыласақ, қаланың даму үрдісі соңғы жылдары едәуір бәсеңдегені байқалады. Даму деңгейінің төмен түсуіне басты себеп ретінде Жаңатас қаласындағы көші-қон сальдосының төмен теріс көрсеткішін атап өтуге болады (мысалы, статистика агенттігінің мәліметінше 2019 жылы көші-қон сальдосы – -139-ды құраса, ал, 2022 жылы - -449-ға тең). Сонымен қатар, Жаңатас қаласында «жалпы туу коэффициенті» 2014-2022 жылдар аралығында 17%-ға төмендеген.



Сурет 2 – Әлеуметтік-экономикалық дамудың біріктірілген деңгейі

Ескерту – авторлармен құрастырылған.

Жаңатас және Қаратау қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының дифференциациялану деңгейі 2 формула бойынша есептелді. Нәтижесінде Қаратау қаласының дифференциациялану деңгейі $P=1,33$ -ке тең, ал Жаңатас қаласы – $P=1,28$ көрсеткішті құрады. NUTS 3 әдіснамасы бойынша қалыпты даму дифференциациясының коэффициенті $P>2$ құрауы тиіс болғандықтан, Жамбыл облысының моноқалаларының төмен дифференциациялық деңгейі өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының біркелкі дамымауы мен басқарушылық моделдің төмен көрсеткіші болуы мүмкін деген қорытындыға келеміз. Осы әдіс бойынша көршілес Ресей Федерациясының моноқалалары мен моноаймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының дифференциациялану деңгейі де есептелген, нәтижесінде Қаратау және Жаңатас қалаларының орта даму деңгейінің шамамен $=0,81$ көрсеткішке төмендігі байқалды [17].

Моноқалалардың әл-ауқатын жоғарылату тұрғысынан жасалып жатқан үкіметтік бағдарламалардың негізгі бағыттары инфрақұрылымды жақсарту, өндіріс көлемін көбейту секілді бағыттарды қамтығанымен, осы қалалардың біркелкі әлеуметтік-экономикалық дамуында демографиялық, экономикалық және экологиялық белсенділік факторларының жетіспеушілік деңгейі жоғары деген тұжырым жасауға болады.

Алдыңғы мәліметтерді сараптай келе, Қаратау қаласы 2014-2022 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамудың шамалы ауытқуларына қарамастан тұрақты өсімін көрсетіп отырғанын көреміз. Ал Жаңатас қаласы бұл кезеңде біршама қиындықтарға тап болып, 2019 жылдан кейін қаланың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі күрт құлдырап, 2022 жылы аздап қалпына келген.

Зерттеліп отырған қалалардағы демографиялық және экономикалық факторларға сүйене отырып, келесі тұжырымға келеміз: жалпы Қаратау қаласында еңбек әлеуеті мен экономикалық белсенділіктің неғұрлым тұрақты және сол тұрақтылыққа ықпал ететін орташа жалақы мен жұмыспен қамту деңгейінің жоғарылау көрінісін қалыптастырып жатыр. Ал екінші қаламыз 2019 жылға дейін көрсеткіштердің жақсарғанына қарамастан, туу деңгейінің төмендеуі және көші-қонның жоғары деңгейі сияқты демографиялық қиындықтарға тап болып отыр. Осыған байланысты экономикалық белсенділікті жақсартуға және еңбек әлеуетін тұрақтандыруға күш салу қажет.



Қорытынды. Осылайша, моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының дифференциациялану деңгейін есептеу арқылы елдің моносалаға бағытталған өңірлерінің даму рейтингтерін жасау арқылы мемлекет экономикасының тұрақты, әрі жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге көмектеседі деген қорытынды жасай аламыз.

Сонымен, мақалада талқыланған екі қаланың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің бірқалыпты және жан-жақты емес деген тұжырым жасауға болады. Екі қаланың да әлеуметтік-экономикалық даму біріктірілген көрсеткішінің біркелкі болмауына соңғы жылдары қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың тұрақты болмауы ықпал еткен болар, яғни, негізгі себептердің бірі ретінде, соңғы онжылдықта қабылданған «Моноқалаларды дамытудың 2012-2020 жылдарға арналған» және «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» секілді бағдарламаларының мерзіміне жетпей тоқтап қалғанын атап өтуге болады. Егер, 2023 жылы қабылданған қос мемлекеттік бағдарламаның нәтижесінде екі қалаға жоспарланған жобалар сәтті жүзеге асқан жағдайда өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының саралану деңгейі артуы мүмкін. Дегенмен, бұл үшін бір секторға тәуелділікті азайтуға және экономиканың тұрақтылығын арттыруға бағытталған өңір экономикасын ұзақ мерзімді әртараптандыру процесін бастау қажет.

Қорытындылай келе, Қаратау және Жаңатас қалаларының әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін жоғарылату барысында БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары бойынша жүзеге асырылуы тиіс келесі міндеттерді ұстанған жөн:

экономикалық дамуды және адамдардың әл-ауқатын қолдау мақсатында сапалы, сенімді, тұрақты және барлығына қолжетімді инфрақұрылымды дамыту;

жан-жақты және тұрақты индустрияландыруға жәрдемдесу және 2030 жылға қарай өнеркәсіптегі жұмыспен қамту деңгейін айтарлықтай арттыру;

2030 жылға қарай инфрақұрылымды жаңғырту және өнеркәсіптік кәсіпорындарды қайта жабдықтау, ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру және барлық елдердің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес қатысатын таза және экологиялық қауіпсіз технологиялар мен өнеркәсіптік процестерді кеңінен қолдану арқылы оларды орнықты ету;

тұрақты экономикалық өсу арқылы тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттыруға және өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал ету. Бұл тұста шағын және орта кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған, әсіресе экономиканы әртараптандыру басты рөл атқаратын моноқалалар үшін маңызды;

тұрғындардың өмір бойы білім алуына жәрдемдесу: бұл қызметкерлерге өзгермелі еңбек нарығының талаптарына бейімделуге, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, жұмыссыздық қаупін, миграцияны азайтуға көмектеседі.

Сондай-ақ, моноқалалардың бірсалалы экономикалық жағдайын әртараптандыру және дамыту үшін баламалы көздер арқылы инвестиция тарту, туризмді дамыту және олардың елді мекендерін басқару және дамыту үдерісіне қала халқының қатысуын арттыру сияқты шараларды жүзеге асыру қажет. Жергілікті халықты шешім қабылдауға тарту ресурстарды тиімдірек пайдалануға және азаматтардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыратын жобаларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Бұл тұста басқа елдердегі моноқалаларды дамытудың сәтті мысалдарына инфрақұрылымға айтарлықтай инвестициялар мен жергілікті қауымдастықтың белсенді қатысуын жатқызуға болады. Мысалы, Германияда «Shrinking Cities» бағдарламасы моноқалаларды экономиканы әртараптандыру және инновациялық жобаларды дамыту арқылы экономикалық өзгерістерге бейімделуге көмектеседі [18]. Канадада солтүстік және шалғайдағы



қауымдастықтарды қолдау бағдарламалары шағын және орта бизнесті жаңа жұмыс орындарын құруға және өмір сүру сапасын жақсартуға ынталандыруды қамтиды.

Осылайша, Жаңатас және Қаратау қалаларының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына қол жеткізу үшін мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру ғана емес, сонымен қатар барлық мүдделі тараптардың белсенді қатысуы, инвестиция тарту және экономиканың жаңа салаларын дамыту маңызды. Бұл өңірдің барлық тұрғындарының әл-ауқатының артуына ықпал ететін тұрақты және гүлденген экономикалық жүйені құруға көмектеседі.

Қаржыландыру туралы ақпарат. Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің АР14869686 «Қазақстанның өңірлеріндегі әлеуметтік әл-ауқаттың ұлттық индексіні әзірлеу және оны әлеуметтік жағдайға бейімдеу. жаһандық геосаяси және экономикалық дағдарыс» жобасы бойынша гранты шеңберінде дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының жалпы өңірлік өнімі [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы. – Available at: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/national-accounts/publications/4984/> (қаралған күні: 05.11.2023).
2. Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қысқаша қорытындылары [Электронды ресурс] // Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің ұлттық статистика бюросы. – Available at: <https://stat.gov.kz/ru/region/zhambyl/> (қаралған күні: 05.11.2023).
3. Rodríguez-Pose, A. Convergence or Divergence? Types of Regional Responses to Socio-Economic Change in Western Europe // Tijdschrift voor economische en sociale geografie. - 1999. - №90. - pp. 365-378. <https://doi.org/10.1111/1467-9663.00079>.
4. Jigoria-Oprea, L., & Popa, N. Industrial brownfields: An unsolved problem in post-socialist cities. A comparison between two mono industrial cities: Reșița (Romania) and Pančevo (Serbia) // Urban Studies. - 2017. - №54(12). – pp. 2719-2738. <https://doi.org/10.1177/0042098016655057>.
5. GOLena Kozyreva, Rita Sagaidak-Nikituk, & Natalia Demchenko. Analysis of the socio-economic development of Ukrainian regions // Baltic Journal of Economic Studies. - 2017. - №3 (2). – pp. 51-58.
6. Pierobon, Chiara & Adambussinova, Zarina. Community resilience and social capital in post-Soviet mono-industrial areas affected by the uranium legacy and radiation: evidence from Kyrgyzstan. Resilient Communities of Central Eurasia. Routledge. - 2023. - 19p. <https://doi.org/10.4324/9781003299998-9>.
7. Ильина И.Н. и др. Развитие моногородов России: монография / колл. авт. под ред. д-ра экон. наук, проф. И.Н. Ильиной. М.: Финансовый университет. - 2013. - 168 с. ISBN 978-5-7942-1036-1. URL: http://elib.fa.ru/fbook/Molodcov_mon.pdf.
8. Iwasaki, I., Adachi, Y. Legal Weakness, Investment Risks, and Distressed Acquisitions: Evidence from Russian Regions // Comparative Economic Studies. - 2024. - Vol. 66. – pp. 1–69. <https://doi.org/10.1057/s41294-022-00203-5>.
9. Stephen Crowley. Monotowns and the political economy of industrial restructuring in Russia // Post-Soviet Affairs. - 2016. - №32(5). – pp. 397-422. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2015.1054103>.
10. Kryukova E. M., Vetrova E. A., Maloletko A. N., Kaurova O. V., Dusenko S. V. Social-economic problems of Russian Mono-Towns // Asian Social Science. - 2015. - №11(1). - pp: 258–267. <https://doi.org/10.5539/ass.v11n1p258>.
11. Глинский В.В., Серга Л.К., Булкина А.М. Дифференциация муниципальных образований как фактор экономического развития территорий // Вопросы статистики. - 2016. – № 8(1). – С. 46-52. <https://doi.org/10.34023/2313-6383-2016-0-8-46-52>.
12. Моногорода Казахстана: методические основы оценки состояния и направления развития / Под ред. Н.К. Нурлановой. - Алматы: Институт экономики КН МОН РК. - 2014. - 256 с.
13. Киреева А.А., Нурланова Н.К., Кенжегулова Г.К., Кенжеали Е.А. Оценка уровня депрессивности и уязвимости населенных пунктов: на примере регионов западного Казахстана // Qainar Journal of Social Science. - 2022. - №1(4). – С. 35-48. <https://doi.org/10.58732/2958-7212-2022-4-35-48>.
14. Abdimomynova A.S., Zhaishylyk A.P., Kim V.V., Temirbekova E.T., & Alibekova A. B. Economic potential of the region: structural features and formation of priorities // Вестник НАН РК. - 2023. - № 403(3). – С. 267–280. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.508>.



15. S.O. Mukhametzhan, G.A. Junusbekova, M.Ye. Daueshov. An Econometric Model for Assessing the Asymmetry of Urban Development as a Factor of Regional Economic Growth: The Case of Kazakhstan // *Industrial Engineering & Management Systems*. - 2020. - №19(2). – pp. 460-475. <https://doi.org/10.7232/iems.2020.19.2.460>.

16. NUTS Converter: description of the tool and calculation method [Электронды ресурс]. - 2022. - Available at: <https://urban.jrc.ec.europa.eu/nutsconverter> (қаралған күні: 17.11.2023).

17. Хван М.С., Булкина А.М. О подходе к анализу социально-экономического развития моногородов // *Вестник НГУЭУ*. - 2017. - №4. – С. 86-101.

18. Nelle, K. Grohman, D. Haase, S. Kabisch, D. Rink, M. Wolff. Urban shrinkage in Germany: An entangled web of conditions, debates and policies // *Cities*. - 2017. - №69. – pp. 116-123. <https://doi.org/10.1016/j.cities.2017.02.006>.

References

1. Bureau of national statistics agency for strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan [Total regional product of the Republic of Kazakhstan] [Electronic resource]. Available at: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/nationalaccounts/publications/4984> (date of application: 05.11.2023).

2. Bureau of national statistics agency for strategic planning and reforms of the Republic of Kazakhstan [Summary of the socio-economic development of the region] [Electronic resource]. Available at: <https://stat.gov.kz/ru/region/zhambyl/> (date of application: 05.11.2023).

3. Rodríguez-Pose, A. Convergence or Divergence? Types of Regional Responses to Socio-Economic Change in Western Europe. *Tijdschrift voor economische en sociale geografie*. 1999, 90, pp. 365-378. <https://doi.org/10.1111/1467-9663.00079>.

4. Jigoria-Oprea, L., & Popa, N. Industrial brownfields: An unsolved problem in post-socialist cities. A comparison between two mono industrial cities: Reșița (Romania) and Pančevo (Serbia). *Urban Studies*, 2017, 54(12), pp. 2719-2738. <https://doi.org/10.1177/0042098016655057>.

5. Olena Kozyreva, Rita Sagaidak-Nikituk, & Natalia Demchenko. Analysis of the socio-economic development of Ukrainian regions. *Baltic Journal of Economic Studies*, 2017, 3 (2), pp. 51-58.

6. Pierobon, Chiara & Adambussinova, Zarina. *Community resilience and social capital in post-Soviet mono-industrial areas affected by the uranium legacy and radiation: evidence from Kyrgyzstan*. Resilient Communities of Central Eurasia. Routledge, 2023. <https://doi.org/10.4324/9781003299998-9>.

7. Илина И.Н. и др. *Развитие моногородов России: монография* [Development of single-industry towns in Russia: monograph]. Moscow, Finansovy universitet, 2013. p. 168. ISBN 978-5-7942-1036-1. URL: http://elib.fa.ru/fbook/Molodcov_mon.pdf (In Russian).

8. Iwasaki, I., Adachi, Y. Legal Weakness, Investment Risks, and Distressed Acquisitions: Evidence from Russian Regions. *Comparative Economic Studies*, 2024, 66, pp. 1–69. <https://doi.org/10.1057/s41294-022-00203-5>.

9. Stephen Crowley. Monotowns and the political economy of industrial restructuring in Russia. *Post-Soviet Affairs*, 2016, 32(5), pp. 397-422. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2015.1054103>.

10. Kryukova E. M., Vetrova E. A., Maloletko A. N., Kaurova O. V., Dusenko S. V. Social-economic problems of Russian Mono-Towns. *Asian Social Science*, 2015, 11(1), pp. 258–267. <https://doi.org/10.5539/ass.v11n1p258>.

11. Glinskii V.V., Serga L.K., Bulkina A.M. Differentiatsiia munitsipalnykh obrazovaniy kak faktor ekonomicheskogo razvitiia territorii [Differentiation of municipalities as a factor of economic development of territories]. *Voprosy statistiki*, 2016, 8, pp. 46-52. <https://doi.org/10.34023/2313-6383-2016-0-8-46-52> (In Russian).

12. *Monogoroda Kazakhstana: metodicheskie osnovy otsenki sostoiianiia i napravleniia razvitiia* [Monotowns of Kazakhstan: methodological basis for assessing the state and directions of development]. Pod red. N.K. Nurlanovoi. Almaty, Institut ekonomiki KN MON RK, 2014. p. 256 (In Russian).

13. Kireeva A.A., Nurlanova N.K., Kenzhegulova G.K., Kenzheali E.A. Otsenka urovnia depressivnosti i uiazvimosti naselennykh punktov: na primere regionov zapadnogo Kazakhstana [Assessment of the level of depressiveness and vulnerability of settlements: the example of the regions of western Kazakhstan]. *Qainar Journal of Social Science*, 2022, 1(4), pp. 35-48. <https://doi.org/10.58732/2958-7212-2022-4-35-48> (In Russian).

14. Abdimomynova A.S., Zhaishylyk A.P., Kim V.V., Temirbekova E.T., & Alibekova A. B. Economic potential of the region: structural features and formation of priorities. *Vestnik NAN RK*, 2023, 403(3), pp. 267–280. <https://doi.org/10.32014/2023.2518-1467.508>.

15. S.O. Mukhametzhan, G.A. Junusbekova, M.Ye. Daueshov. An Econometric Model for Assessing the Asymmetry of Urban Development as a Factor of Regional Economic Growth: The Case of Kazakhstan.



Industrial Engineering & Management Systems, 2020, 19(2), pp. 460-475.
<https://doi.org/10.7232/iems.2020.19.2.460>.

16. *NUTS Converter: description of the tool and calculation method*. 2022. Available: <https://urban.jrc.ec.europa.eu/nutsconverter> (date of application: 17.11.2023).

17. Khvan M.S., Bulkina A.M. O podkhode k analizu sotsialno-ekonomicheskogo razvitiia monogorodov [On the approach to analysing the socio-economic development of single-industry towns]. *Vestnik NGUEU*, 2017, 4, pp. 86-101. (In Russian).

18. Nelle, K. Grohman, D. Haase, S. Kabisch, D. Rink, M. Wolff. Urban shrinkage in Germany: An entangled web of conditions, debates and policies. *Cities*, 2017, 69, pp. 116-123. <https://doi.org/10.1016/j.cities.2017.02.006>

ASSESSMENT OF SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF MONOTOWNS OF KAZAKHSTAN: ZHANATAS AND KARATAU

*A.A. Satybaldin*¹, *A.Sh. Balykbayeva*^{2*}, *A.S. Omir*¹

¹ *Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan*

² *Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

Summary. *This article evaluates the socio-economic development of the regional monotowns of the Republic of Kazakhstan through the lens of the development of Karatau and Zhanatas monotowns. The study of the socio-economic development of monotowns in recent years has brought about significant changes both in the global economy and in the social sphere. According to statistical data, there are 27 monotowns, each varying in size, level of government support, and economic roles within their regions. Among them, Karatau and Zhanatas stand out, having acquired substantial government support in the last decade. Assessing the socio-economic development of Karatau and Zhanatas monotowns is crucial for improving the quality of life and societal sustainability. Consequently, the article focuses on examining data related to the socio-economic dynamics of monotowns and aims to systematize this information. The research methodology, statistical data analysis, and methods used to determine the overall level of socio-economic development form the basis of the article. The authors differentiate the level of socio-economic development of monotowns using their development rankings as a basis to assess their roles in the national economy. The study determined the level of differentiation in the development of Karatau and Zhanatas in the socio-economic sphere, along with their roles in the regional economy. The findings and conclusions of the research can be utilized in formulating development strategies for Zhanatas, Karatau, and other monotowns.*

Keywords: *monotown, single-industry towns, social and economic development, differentiation, Karatau, Zhanatas.*

ОЦЕНКА СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ МОНОГОРОДОВ РК: ЖАНАТАС И КАРАТАУ

*А.А. Сатыбалдин*¹, *А.Ш. Балықбаева*^{2*}, *А.С. Өмір*¹

¹ *Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан*

² *Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

Резюме. *Эта статья оценивает социально-экономическое развитие региональных моногородов Республики Казахстан через призму развития моногородов Каратау и Жанатас. Изучение социально-экономического развития моногородов в последние годы вызвало значительные изменения как в мировой экономике, так и в социальной сфере. В соответствии со статистическими данными, в Республике Казахстан существует 27 моногородов, однако их размеры, уровень государственной поддержки и экономическая роль в регионах различны. Среди них выделяются Каратау и Жанатас, которые за последние десять лет обрели значительную государственную поддержку. Оценка социально-экономического развития моногородов Каратау и Жанатас является важным решением для улучшения качества жизни и устойчивости общества. Учитывая это, статья ориентирована на изучение данных, связанных с социально-экономической динамикой моногородов и направлена на систематизацию.*



Методология исследования включает в себя сравнительный анализ статистических данных и метод выявления агрегированного уровня социально-экономического развития. Авторы определяют дифференциацию уровня социально-экономического развития моногородов, используя рейтинги развития моногородов как основу для оценки роли моногородов в развитии национальной экономики. В результате исследования был определен уровень дифференциации развития Каратау и Жанатас в социально-экономической сфере, а также их влияние на региональную экономику. Полученные результаты и выводы исследования могут быть использованы в разработке стратегий развития городов Жанатас и Каратау, а также других моногородов РК.

Ключевые слова: моногород, социально-экономическое развитие, Каратау, Жанатас.

Авторлар туралы мәлімет:

Сатыбалдин Азимхан Абылкаирович – профессор, э.ғ.д., Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан, email: ieconomkz@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7421-4472>

Балықбаева Ардақ Шәкірқызы* – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, email: ardaq.ospan@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-2354-6072>

Өмір Аида Салимжанқызы – PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Экономика институты, Алматы, Қазақстан, email: omir.aida1@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4912-1578>

Сведения об авторах:

Сатыбалдин Азимхан Абылкаирович – профессор, д.э.н., академик НАН РК, Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: ieconomkz@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7421-4472>

Балықбаева Ардақ Шәкірқызы* – PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: ardaq.ospan@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-2354-6072>

Өмір Аида Салимжанқызы – PhD докторант, Институт экономики КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: omir.aida1@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4912-1578>

Information about the authors:

Satybaldin Azimkhan Abylkairovich – Prof., Dr. Sc. (Econ.), Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: ieconomkz@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0001-7421-4472>

Balykbayeva Ardaq Shakirkyzy* – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: ardaq.ospan@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0007-2354-6072>

Omira Aida Salimzhankyzy – PhD candidate, Institute of Economics CS MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: omir.aida1@gmail.com, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4912-1578>

Алынды: 27.05.2024

Қарауға қабылданды: 14.06.2024

Онлайн қолжетімді: 30.06.2024